

КИНОПЕДАГОГИКАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН ПЕДАГОГ ОБРАЗЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Құралай ҚУАТОВА*

Мерует АМАНҒАЗИЕВА**

Түйіндемe: Бұл мақалада білім беру саласындағы қосымша тәрбиелік, идеологиялық және көркем әдістемелік құрал ретіндегі кинопедагогика әдісін қолданудың тиімділігі жан-жақты қарастырылды. Білім жүйесіндегі кинопедагогиканың озық ойлы, саналы ұрпақты қалыптастырудағы рөлі өте зор, ол ұстаз бен оқушыға ой салып, ынталандырып, шығармашылық қабілетінің артуына, ойлау дағдыларының дамып, өзін және айналадағы құбылыстар мен адамдарды түсіне білуіне оң ықпал етеді. Кинопедагогика әдісінің тиімділігін арттырудың бір жолы – білім беру ұйымдарындағы педагогтың беделін күшейтіп, жағымды образын қалыптастыруға мүмкіндік беретін, заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді экран арқылы көрсететін фильмдерді ұсыну болмақ. Алайда мұндай фильмдер қазіргі қазақ кинометрографиясында сирек түсіріліп отыр, оның себептері мен салдары, кинопедагогиканы енгізудің ұтымды жақтары мен артықшылықтары, бүгінгі мен болашағы жөнінде мақалада кеңінен талданды.

Тірек Сөздер: Кинопедагогика, Оқушы, Ұстаз, Фильм, Образ

The Place of Film Pedagogy in the Field of Education and its Role in the Formation of the Teacher's Image

Abstract: This article comprehensively considered the effectiveness of using the film pedagogy method as an additional educational, ideological and artistic methodical tool in the field of education. The role of film pedagogy in the education system in the formation of a forward-thinking, intelligent generation is very important, it makes teachers and students think, motivates, increases their creativity, develops thinking skills, and has a positive influence on understanding themselves and the surrounding phenomena and people. One of the ways to increase the effectiveness of the film pedagogy method is to present films showing modern pedagogical methods on the screen, which will strengthen the authority of the teacher in educational organizations and create a positive image. However, such films are rarely shot in modern Kazakh cinematography, the reasons and consequences, rational aspects and advantages of introduction of film pedagogy, present and future were extensively analyzed in the article.

Key Words:

Кіріспе

Алдымен, кинопедагогика ұғымына қысқаша тоқталсақ, ол көзделіп отырған контентті, біздің мысалымызда білім беру және ағарту саласындағы балалар мен жеткіншектерді экрандық өнер арқылы тәрбиелеуді білдіреді. Қазіргі күні бұл ұғым көбінесе медиалық білім беру саласына қатысты қолданылып жүр.

Сонымен қатар, жалпы кинопедагогика теория жүзінде тұрғыда қарастырылады, оның біріншісі – киноөнімдерді әзірлеу, нақтылай кетсек, оқушылардың және ұстаздардың өздерінің имиджін көтеру, білімді насихаттау, жағымды образдар мен оң пікірлер қалыптастыру мақсатында бейнетүсірілімдер әзірлеп, оның түрлі платформаларда таратуы болып табылады. Айта кетейік, Қазақстанның білім беру ұйымдарында бұл тараптағы жұмыс жүйелі және қарқынды жүргізіліп келеді, соңғы жылдары фейсбук, инстаграм, тик-ток сияқты әлеуметтік желілердің кең таралуымен байланысты әрбір мектеп, қосымша білім беру орталығы оқушыларға арнап түсірген вайн, подкастармен қатар, шағын сюжетті және деректі фильмдерін кеңінен және жан-жақты таратуға үлкен мүмкіндік алды. Бұл жерде көркем фильмдер түсіру орасан ресурс пен қаражатты қажет ететіндіктен ол жөнінде әңгіме қозғалмағанын қаперге береміз.

Кинопедагогиканың қарастырылып отырған екінші тұсы, ол – өскелең ұрпақты дайын өнімдер, яғни бұған дейін актуалды, қажет тақырып бойынша түсіріліп, көгілдір

* Магистр, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, kuralai11077@mail.ru

** ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, m.amangazieva@asu.edu.kz

экранға жол тартқан көркем фильмдерді көрсетіп, талдау арқылы тәрбиелеу. Бұл қосымша әдістеме ретінде орта білім беру ұйымдарында қолға алынбай, кенже қалып келеді. Оған орта білім беру ұйымдарында оқушыларды кино арқылы тәрбиелеуге жеңіл әрі тиімсіз әдіс-тәсіл ретінде қарап, оның ықпалын жете бағаламау себеп болып отыр деген ойдамыз. Сол сияқты, бұл жағдайдың қалыптасуына кинопедагогиканың мектеп ұйымдарында қолданылуы, білім алушыларға әсері зерделенбеуі, оқушылар қарауы тиіс деп кинотанушылар, білікті педагогтар тарапынан белгіленген фильмдердің тізімдерінің болмауы және ұстаздардың кинопедагогикаға қызығушылық танытып, оны пайдалы әдіс деп есептемеуі де өз үлесін қосып отыр. Дегенмен, күнделікті өмір шындығы кинопедагогиканың үлкен потенциалға ие екенін және келешекте рөлі артуы мүмкін екендігін көрсетеді. Өйткені, интернет технологиясының дамуымен бірге біздің еркімізден тыс, яғни біз қаласақ та, қаламасақ та, жас ұрпақтың бойында күн сайын жедел қалыптасып келе жатқан «клиптік ойлау», басқаша айтқанда зейіннің ұзақ тұрақтамауы проблемасы олардың әдебиетке ден қойып, кітап секілді құнды қазына арқылы тәрбиеленуіне кері әсерін тигізіп отыр. Әрине, оқу құндылығын қалыптастыру қашан да басты назарда ұсталып, күн тәртібінен түспеуі тиіс, сонымен қатар, оқушыларды кино арқылы тәрбиелеу үрдісіне де тиісінше назар аударылғаны лазым.

Өкінішке қарай, Қазақстанда арнайы жоғары оқу орындарының студенттері үшін ғана қажет деп есептеліп, кино саласына қатысты мамандықтар үшін оқытылатын кинопедагогика орта білім беру саласымен ешқашан байланыстырылып қарастырылмағандықтан, оның тарихы, қалыптасуы жайлы қандай да бір ғылыми әдістемелік еңбек, оқулық жоқтың қасы. Бірақ, бір кездегі Кеңес одағы кезіндегі білім жүйесінің мысалында қарастырсақ, еліміздегі кинопедагогиканы дамыту үшін алғышарттар болғанын, ұлттық ерекшеліктерге байланысты басқаша бейімдеп, ыңғайлап қолдануға болатын үлгі түріндегі әдіс тәсілдердің бар екенін көреміз.

Кеңестік кезеңде кинометодологияның ұрпақтың дүниетанымын қалыптастырудағы ықпалы дер кезінде бағаланып, 1909 жылы Мәскеу және Одесса қалаларында оқу-ағарту фильмдерінің кинотеатрлары бастап ашылған. 1950-1960 жылдары О.А.Баранов, Ю.М.Рабинович, С.Н.Пензин және басқа да тәжірибелі педагогтар киноның баланы тәрбиелеудегі ағартушылық, эстетикалық рөлін ғылыми тұрғыдан зерттеп, жер-жердегі білім ошақтарында кино клуб, киноүйірме, кинофакультативтер көптеп ашыла бастайды. Кеңестік жүйеде кинофильмдерді идеологиялық пәрменді құрал ретінде бағалағаны соншалық, балалар мен жасөспірімдерге арнап арнайы кинотуындылар түсіру үшін Горький, Свердлов, Одесса киностудиялары құрылады. Солар арқылы түсірілген «Большая перемена», «Доживем до понедельника», «Вам и не снилось», «Уроки французского», басқа көптеген фильмдер оқу-білім саласының мәселелерін көтеріп, үлгілі оқушы мен білікті ұстаз образын қалыптастыруға ықпал етті. Осындай қоғамдық үлкен резонанс тудырған фильмдердің бірі, мектептегі буллинг проблемасын қозғаған «Чучело» (1984, реж. Р.Быков) фильмі кейін әлемнің түрлі елдерінің кинотанушы ғалымдарының зерттеу нысанына айналғанын көреміз. Бұл туындыны терең талдаған Ресейдің педагог-психолог ғалымдары В.С.Собкин, О.С.Маркина оған «Новаторство фильма заключалось в том, что он превлекал общественное внимание к серьезной социально-психологической проблеме современной школы – буллингу «школьной травле». Эта тема никогда не озвучивалась так открыто и громко, никогда не получала столь яркого освещения в отечественном кинометодологии» деп жазады. Белгілі болғандай, фильм жарыққа шыққаннан кейін оны сынып жетекшілері оқушылармен бірге жаппай барып қарап, ол балалардың өзара арақатынастарын қайта қарап, ойлануларына, мектептегі әлімжеттік құбылысының күрт азаюына алып келген.

«Қазақфильм» киностудиясы да өз кезегінде балаларға арнап бірқатар тартымды картиналар түсіргенін мақтанышпен айтуымыз керек. Олардың ішінен, әлі күнге қазақ кинометографиясының үздік жетістігіне айналып, көрерменнің ыстық ықыласына ие болып келе жатқан классикалық туынды 1963 жылы экранға шыққан, белгілі жазушы Бердікбек Соқпақбаевтың повесінің желісімен түсірілген, режиссер Абдолла Қарсақбаевтың «Менің атым Қожа» фильмі. 1966 жылы әйгілі Канн фестивалінде «Балаларға арналған ең үздік шетел фильмі» аталымын жеңіп алған фильм сол кездегі қазақ оқушысының тағдырын, ой-толғамдарын, арман-мақсаттарын, мінез-құлқын паш етіп көрсеткен культтік фильмге айналды. Балалар Қожаға, сонымен бірге, кинодағы Жанар, Сұлтан, тіпті жағымсыз кейіпкер саналатын Сұлтанға дейін еліктеп, сөздерін цитатаға айналдырды. Соңғы жылдары «Менің атым Қожа» фильмін талдаушылар оның қазақ жеріне басқа елдерден келген халықтар көптеп қоныстанған тың игеру жылдарында түсірілгендігін алға тартып, басты кейіпкердің есімі Қожа «мен осы жердің қожасымын» деген жасырын ишаратты білдіреді, бұл антикеңестік және антиутопиялық кинотуынды деген теорияны алға тартып жүр.

Фильмдегі педагогтар образы онда мұғалім Рахманов, сынып жетекшісі Майқанова рөлдері арқылы көрсетіледі. Балаларға «Естеріңде болсын, егер тәртіп бұзатын болсаңдар менен жақсылық көрмейсіндер» дейтін қатал ұстаз Майқанова бейнесі үлгі ретінде жиі көрсетіліп жүргенмен, біз бала психологиясын жақсы түсінетін, білікті, жанашыр ұстаз ретінде Рахмановты көрсеткен болар едік. Фильмде мектепте отырған мұғалімдердің арасындағы диалог бар, «Қожа не болса да Сұлтанның қасына жоламайтын болды» деп қуанған Майқановаға Рахманов «Ескі жараның аузын аштыңыз, оқушы деген қап емес, ішіне нені болса соны сыйғыза беретін. Ол деген шамшырақ, тек жаға білу керек, мен Сұлтанның шырағын жаға алмайды, оны өзіме ешқанаан кешірмеймін» деп жауап береді. Рахмановтың педагог ретіндегі болмысы, кредосы, өз ісіне шын берілгендігі осы сөзінен анық байқалады.

«Менің атым Қожа» фильмінің режиссері, «бала психологиясының білгірі» деген бейресми атаққа ие болған Абдолла Қарсақбаевтың тағы бір балаларға арналған туындысы «Алпамыс мектепке барады («Алты жасар Алпамыс»))» қазақ киносының алтын коллекциясында сақтаулы. Балалар аудиториясына арнап «Біздің Ғани», «Беу, балалар-ай», басқа да фильмдер түсірген Абдолла Қарсақбаевтың бұл тақырыптағы фильмдерінің ішінен біз атаған екі фильмнің шоқтығы биік болып, режиссердің барлық шеберлігін көрсете білді. 1977 жылы экранға шыққан «Алпамыс мектепке барады» фильмі сол жылы Латвия мемлекетінің астанасы Рига қаласында өткен балалар мен жасөспірімдердің Бүкілодақтық X кинофестивалінде бас жүлдені жеңіп алады.

«Менің атым Қожа» сияқты, «Алпамыс мектепке барады» фильмінде де тұтас мұғалімдер галереясы бар. «Мектептің жүрегі мұғалім» деп есептесек, балалар өмірі жайлы түсірілген бұл туындыларда оқу үрдісін көрсету кезінде педагогтардың екінші кезекке ысырылып, тасада қалмай, өзінің лайықты орнын иелене білгендігі қуантады. Соның ішінде, мектепке жаңадан келетін жас мұғалім Батыржан Батырханович образы – жан-жақты ашылған әрі өміршең. Оның алғашқы сабағын Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңімен ашуы, оқушыларын үнемі алдарынан шығып күтіп алатыны, тентек Қалихан мектепке жылан әкелгенде оны жазалаудың орнына балалармен бірге жыланды қызықтап, торға қамауы, аспан жүйесін түсіндіру үшін бір оқушыны ортаға күн қылып тұрғызып, қалғандарын оны қоршаған ғаламшарлар түрінде айналдыратын әдістері қазіргі күні де мұғалімдердің қолдануына ыңғайлы, кинонұсқаулық ретінде қолдануға болатын әдіс-тәсілдер. Батыржан Батырхановичтың балалармен қатар, ата-аналармен жұмыс істеуі – қай кезең мұғалімі үшін де үлгі аларлық көрініс. Бір эпизодта ол ауыл тұрғындарына «Анау тауға қараңдар, көрер көзге жап-жақын сияқты, ал бетке алып жақындаған сайын алыстай береді. Менің айтайын

дегенім, оқу да асқан шынға өрмелегендей қиын нәрсе, талмай еңбектенген адам ғана білім шыңына шыға алады» деп түсіндіреді. «Алпамыс мектепке барады» фильмі педагогикалық тұрғыдан әлі де терең талдануы және Қазақстанның білім беру ұйымдарынан Алғашқы қоңырау күні көрсетіп, дәстүрге айналуы керек деген ойдамыз.

Бұл екі фильм қазақ фильмографиясының алтын қорына енген туындылар болғанмен, олардың басқа мемлекеттік құрылым кезінде түсірілгенін ескеру керек. Одан бергі қырық жылдан астам уақыттан бері қоғамдық фармация түгелдей өзгерді, сонымен қатар, білім-ағарту саласы да үлкен реформаларды бастан өткеріп, көп өзгеріске ұшырады. Соған қарамастан, жаңартылған білім мазмұнын экранда жарқ еткізе көрсетіп, көзге түскен, аталған фильмдердің орнын басатын туындылардың болмауын олқылық деп бағалауға болады. Бұл жерде көп қаражатты талап ететін кинометография саласы да бастан-аяқ жаңарып, ұлттық болмысқа, ұстаз-шәкірт идеясын көтеріп, имиджін қалыптастыруға бағытталған картиналар сирек түсірілетін болды. 1990 жылдарды сипаттайтын «жаңа толқын» деп аталған режиссерлер буыны және 2000 жылдары түсірілген «Балкон», «Махаббат бекеті», «Жас аккардеонистің өмірі», «Кардиограмма», «Шиза», «Көксерек», басқа да фильмдер балаларға қатысты болғанмен оларды оқушы ретінде көрсетіп, педагогтың жағымды образын қалыптастыруды мақсат етпейді. Кеңес тұсында балаларға арнап түсірілген фильмдер отбасылық категорияға еніп, оны отбасы мүшелері түгел қарай алатын болса, бұдан кейінгі фильмдерге атыс-шабыс, қуғын-сүргін, интимдік элементтер көптеп еніп, «балалар фильмі» сипатынан біраз алшақтап кетті. Мәселен, «Жас аккардеонистің өмірі» фильмінде балалар жеңіл жүрісті әйелге ер адамның барғанын және олардың әрекетін жасырын бақылап тұратын эпизод бар, оны үлкендермен немесе балалармен бірге отырып, қалай тамашалауға болады?!

Қазақстандық кино саласында 2000 жылдардан бері нарықтық қарым-қатынасқа бейімделген продюсерлер мен режиссерлер түсірген жеке және авторлық фильмдер саны күрт көбейді. Алайда, оқушы мен педагог қазіргі заманғы жаңаша бейнесін көрсетуге құлшыныс бәрібір байқалған жоқ. Ал білім беру саласының бүгінгі мазмұны қай кезден келе жатқан мектептегі буллинг, оқулардың өзара немесе мұғаліммен аралағы пікір қайшылығы, тіл табыса алмауы проблемаларына қоса, инклюзивті білім беруді дамыту, онлайн білім беру, жаңа технологияларды білім беру үрдісінде пайдалану сынды қазіргі көрерменге жақсы таныс мәселелерді экранға алып шығуды талап етуде. Мысалы, 2022 жылы шыққан «Үйленген бойдақ» фильмінде Мариям Сатаева ойнайтын Жібек есімді ауыл ұстазының образы ұсынылады. Мариямның таңдауын мұғалімдік жалақысы аз, бейнеті көп, қиын жұмыс деп түсінетін болашақ күйеуі еш түсінбейді. Соған қарамастан, жұмысын да, шәкірттерін де жақсы көретін Мариям кәсібіне адалдық танытып, шеберлігін шындай түседі. Бұдан бөлек, «Оффлайн каникулдар-1, 2» фильмдерінде де үш студент жігіт ауылдық жерден балаларға арналған демалыс лагерлерін ашып, бизнес ретінде жолға түсіреді. Бұлардың барлығында жастар бойларындағы бар күш-қуаты мен жалынын, білімі мен білігін мектеп оқушыларының білім алуы мен дамуына жұмсаған энтузиастар ретінде көрсетілгенмен, Рахманов, Майқанова, Батыржан Батырханович образдарынан әлдеқайда алыс жатыр. Оның басты себептер - жаңа образдардың ә дегеннен елең еткізетіндей болып жарқырап шықпауы (сценарий мен актер ойынының әлсіздігі) және тілді шұбарланып қолдануы деп пайымдауға болады. Жалпы, киноларда орысша-қазақша аралас тілдің қолданылуы қазіргі күннің жағымсыз тенденциясына айналып отыр. «Үйленген бойдақтағы» Жібек пен «Оффлайн каникулдардағы» студенттер қалада орысша, ауылда қазақша немесе үлкендермен қазақша, қатарластарымен орысша сөйлеу арқылы нанымсыздық пен реніш туғызып, көрерменді керісінше қарсы қойып алады.

Бүгінгі білім саласының өзекті мәселесіне айналып отырған инклюзивті білім беру үрдісіне келсек, бұл тақырып еліміздің кинометографиясында әлі қозғалған жоқ. Әлемдік кинопрокатта Голливудта түсірілген бірқатар фильмдерді айтпағанда, мүгедек баланы ұстаздық жанкештілігі мен шеберлігінің арқасында қатарға қосқан немесе өмірге деген құштарлығын арттырып, жол көрсеткен педагогтар жайлы мықты сюжетке құралған, мойындалған басқа мемлекеттердің фильмдері аз емес. Олардың қатарында 2007 жылы продюсер, режиссер Амир Кхан түсірген Үндістанның «Жердегі жұлдыздар» фильмін атауға болады. Онда сурет пәнінің мұғалімі Рам Никум сирек дертінің кесірінен оқып, жаза алмайтын Ишан Авастиды қамқорлығына алып, баланы шын көңілімен жақсы көріп, тиімді коррекциялық әдіс-тәсілдерді тауып, қолдана білуінің арқасында сауатты оқушылар сапына қосады. Сондай-ақ, осы бағыттағы үздік картинаның бірі – Түркия мемлекеті түсіріп, 2015 жылы жарыққа шығарған режиссер Махсун Кырмызыгюлдің «Ғажайып» (Mucize) фильмі. Онда шалғай ауылға келген Махир Йылмаз бойындағы мүгедектігінің салдарынан теперішке ұшырап, бозбала шаққа келсе де кішкентай балалардың мазағына айналып, әбден қиналған Азизды мектепке қабылдап, ұзақ жылдар бойына тынбастан еңбек етуінің арқасында сауатты ғана емес, дені сау, саналы азамат етіп қалыптастырады. Біздің еліміздің мектептерінде осындай үлгі етуге лайық, инклюзивті білім беруде зор табыстарға қол жеткізген кәсіби мамандардың бары да, киноға түсіруге лайықты оқиғалардың бар екені де күмәнсіз, ондай картинаны түсіріп, көрермен назарына ұсыну – алдағы уақыттың еншісінде.

Кейінгі авторлық фильмдердің ішінен балалар мен жасөспірімдер проблемасын қозғады деп мектептегі буллингті түсірген 2003 жылы шыққан режиссер Эмир Байғазинның «Үндестік сабақтары» фильмін атап айту қажет. Он үш жасар Аслан ауылдағы әжесінің қолында ата-анасының мейіріміне қанбай өсіп келеді. Мектепте барлығы кекетіп-мұқатып, заттарын, киімдерін тартып алып, әлімжеттік көрсететіндіктен ол тұйық, қатыгез болып өседі. Фильм соңында Аслан ауыр қылмыс жасап, түрмеге қамалады. Туынды өмір шындығынан алшақ кетпегенмен онда қарт әжесінен басқа жанашыры жоқ баланың жағдайына қызығушылық танытып, дер кезінде көмек қолын созған мектептің де, мұғалімнің де болмауы анық байқалады. Фильм мектеп қабырғасында оқушыларға қосымша әдістемелік құрал ретінде көрсету үшін психикалық жағынан ауыр тиюі ықтимал.

Бала тәрбиесіндегі мұғалімнің рөлін тек жанама қозғап өткен режиссер Жанна Исабаеваның 2018 жылғы «Аласталғандар» («Отвергнутые») фильмі де – психологиялық ауыр драма қатарында. Педагогикалық қателіктің, мұғалімнің мүлт кеткен бір ғана жаңсақ сөзінің салдары қандай болатыны осы фильмнен көрінеді. Жас қыз Айғаным – жалғызбасты ана. Ол үлкен қалада оқып жүргенде тұрмысқа шықпай тұрып, ер бала босанады. Ұлы мектепке барғанда сынып жетекшісі оқушылардың туыстарын айтқызып, анасынан басқа ешкімі жоқ баланы қатты ұялтады. Амалы жоқтықтан ұлына туыстарын көрсетем деп ауылға келген Айғаным оның жеті жыл бұрынғы әрекетін «ұят» деп бағалап, қабылдаудан бас тартқан ағасы Қайраттың қолынан қаза табады. Фильм соңында тағы да Айғанымның ұлына туыстарын айтқызып тұрған ауыл мектебінің мұғалімі көрінеді, бұл жолы жетім баланың туысқандары көп, тек анасы жоқ. Мұғалімнің бұрыс педагогикасы теріс салдарларға алып келуі мүмкін екендігін осындай сюжеттік желілермен, бірақ агрессивті емес, жеңіл формада түсіріп, оқушылар мен ұстаздарға ұсынуға болады деп ойлаймыз. «Аласталғандар» фильмінде Айғаным мен баласына көмектесіп жүретін, кейін анасы қайтыс болғаннан кейін баланы асырап алуға өтініш беретін әйел мұғалім рөлі бар. Бірақ, ол да өз монологында ауылды түкке тұрғысыз қылып жамандап, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша амалсыз келгенін, мерзімі бітсе бір күн де тұрмайтынын» жайып салады.

Сөз жоқ, Қазақстан мемлекеті егемендік алған отыз жылдан бері елдің білім-ағарту саласында үлкен жұмыстар қолға алынды, сәтті реформалармен қатар, тиімсіз саналған сәтсіз реформалар да болды. Олардың жай-жапсарын, оң ықпалын, артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетудің, халыққа жеткізудің бір жолы – аудио, визуальдық көпшілік құрал ретіндегі кино туындылары болар еді. Білім жүйесінің жетістігін, жақсы ұстаз бен оқушы бейнесін сүреңсіз үгіт-насихат түріндегі емес, шын мәніндегі сапалы сюжетке құрылған көркем картина арқылы берудің артықшылығы басым екеніне жеткілікті мысал келтірдік деп ойлаймыз. Қазіргі заман мектептерінде оқушылар контентіне ұсынуға сәйкес келетін кез-келген фильмді сыныппен немесе топпен қарау техникалық жағынан ешқандай қиындық келтірмейтіні белгілі, ол үшін бұдан жарты ғасыр бұрынғы кезеңдегідей кинотеатрларға арнайылап бару міндетті емес. Бұл жердегі мәселе – сала қызметкерлерінің кинопедагогиканың қажеттілігін түсінуінде, ынта білдіруінде және сәйкесінше көз жеткізуінде болса керек.

Қорытындылай келгенде, «өз әскерін асырамаған өзгенің әскерін асырайды» деген қанатты сөздің ізімен айтсақ, өз киносын түсірмеген халық басқаның киносын қарауға, сол арқылы басқа мәдениетті қабылдап, жат идеологияның жетегінде кетуге мәжбүр. Ал бүгінгі заман келбеті мен білім беру үдерістері тұрғысынан қарағанда талапқа сай келетін кино түсіру – сәнге еру немесе ақшаны желге шашу емес, қажеттілік болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбенбаев, С. «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі», Алматы, 2004.
2. Воронов, В.В. «Технология воспитания», Москва, 2000.
3. Еңсебаева, К. «Қазіргі көркем әдебиеттегі кейіпкер тілінің стильдік қызметі». Алматы, 1999.
4. Собкин, В.С., Маркина, О.С. «Влияние опыта переживания «школьной травли» на понимание подростками фильма «Чучело». Вестник практической психологии образования 2009. Том 6.
5. Смаилов, К. «Фильм осылай туады», Алматы, 1981.
6. Тони Кашани. «Фильмы, которые меняют жизнь. Кинопедагогика трансформации человека», Издательский дом «Гуманитарный центр», 2018.
7. Рахманқызы, Н. «Қазақ киносы: кеше және бүгін», Астана, 2017.